**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы №15 «Әлия» бөбекжайы**
**Топ № 6«Жасұлан» мектепалды даярлық тобы**
**Балалардың жасы 5**
**Жоспардың құрылу кезеңі 27-31 наурыз 2023 жыл**

| **Күн тәртібінің үлгісі** | **Дүйсенбі 27.03.2023** | **Сейсенбі 28.03.2023** | **Сәрсенбі 29.03.2023** | **Бейсенбі 30.03.2023** | **Жұма 31.03.2023** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>**«Сиқырлы қораптар»**<br>Мақсаты:Жануарларды қатты картоннан құрастыруға үйрету.<br>**Міндеті:** Құрастыруға үйрету. Баланың ойлау және сөйлеу қабілеттерін одан әрі дамыту.<br>**Құрастыру**<br>Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | Балаларды таңертеңгілік қабылдау.<br>Балалармен амандасу. Көңіл күйіне назар аудару.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Не жетпейді?»**<br>Мақсаты: Жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру. | Балаларды таңертеңгілік жақсы көңіл күймен қарсы алу.<br>**«Жұбын тап» ойыны:**<br>Мақсаты:Ұйымшылдықпен , шығармашылықпен ойлана ойнай білуге үйрену.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті | Қайырлы таң! Ата-аналармен амандасу.Балалардың денсаулықтарын тексеру.<br>**«Мимикалық жаттығу»**<br>**Мақсаты:** балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету.<br>**Көркем әдебиет**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті | Таңертеңгілік балаларды қабылдау.<br>**Жаңылтпаш жаттау**<br>Шеше, шеше<br>Неше кесе<br>Сынды кеше<br>**«Үй жасаймыз»**<br>Қиынды суреттермен жұмыс<br>**Мақсаты:**Логикалық ойлауға үйрету.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>Қарым- қатынас іс –әрекеті |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата- аналарға балаларын ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алып келулерін ескерту. | **Ата-аналармен әңгіме:**<br>Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз. | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балалардың көңіл күйі, денсаулығы жайында әңгімелесу. | **Ата-аналармен әңгіме:**Ата-аналарға балабақшаға кеш қалмауларын ескерту. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **«Көлік»** Мақсат-міндеттер: Балаларға көлік туралы түсінік беру. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Көлікті жапсыруға үйрету. Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **«Біз ойыншықтарды орнына орналастырамыз»** Мақсат-міндеттер: Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам мұқият орындау. **(еңбек іс-әрекеті)** | **«Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайларын дымқыл шүберекпен сүртеміз»** Мақсат-міндеттер: Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету; жеңді түру, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. **(еңбек іс-әрекет)** | **«Өз төсегімізді жинауды үйренеміз»** Мақсат-міндеттер: Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тірбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. **(еңбекіс-әрекеті)** | **Моншақты тіземіз» дидактикалық ойын.** Мақсат-міндеттер: Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту. Қарым-қатынас іс-әрекет |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Жалпы дамыту жаттығулары №14(құралмен) 1.**Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.1-таяқшаны екі қолдарымен көкірек тұсына қояды; 2-таяқшаны жоғары көтереді;<br>3-көкірек тұсына қояды; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 8-9 рет қайталанады.<br>**2.**Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде.<br>1-таяқшаны жоғары көтереді;2-таяқшаны түзу ұстап, оң аяққа иілу;3-таяқшаны жоғары көтереді;<br>4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 8-9 рет қайталанады.<br>**3.**Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, таяқшаны иыққа қою.<br>1-отырып бас пен арқаны тік ұстау; 2- бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 8-9 рет қайталанады.<br>4. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша төменде.1-таяқшаны жоғары көтеру; 2-таяқша ұстаған қолымен оңға (солға) иілу; 3-таяқшаны жоғары ұстап, тіктелу;4-бастапқы қалып. Жаттығу 6-8 рет қайталанады.<br>**5.**Бастапқы қалып: жерге етпетінен жатып, таяқшаны бүгілген қолдарымен алдына қою.<br>1-2таяқшаны жоғары көтеріп, артқа бүгілу; 3-4бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6-7 рет қайталанады.<br>**6.**Бастапқы қалып: таяқшаның алдыеда тұрып, қолды төменде ұстау. Таяқшаны айналып, оңға-солға секіру.Жаттығуды 5-6 рет қайталау.<br>**7.**Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, таяқша жерде.Таяқшаны аттап, оңға-солға секіру. Жаттығу 5-6 рет қайталанады.**(дене шынықтыру)** | | | | |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Таңғы ас** | **Ойын-жаттығу «Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» | **«Ас адамның арқауы»** Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап | Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. **Сөйлеуді дамыту** Қарым- қатынас іс –әрекеті | **Ойын-жаттығу «Таза қолдар»** Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен тыңдаймын» | **«Ас адамның арқауы»** Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Қағаз бетінде бағдарлау»** **Мақсаты:** Заттармен шаманы салыстыруға және айырмашылығын ажырата білуге, кеңістікті дұрыс бағыттай білуге, заттың көлем, пішін, түсін ажырата білуге үйрету. **Математика негіздері** Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет | «Құмырадағы гүл» **Мақсаты:**Балаларға құмырадағы гүлді жапсыруға үйрету. Достық пен жанашырлыққа тәрбиелеу, түрлі-түсті қағазбен, желіммен жұмыс жасай білуге үйрету. **Жапсыру** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **«Теңін тап»** **Мақсаты:**Балалар екі бірдей заттарды таба алады. **Мүсіндеу** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | **«Қ дыбысы»** **Мақсаты:**«Қ» дыбысының дұрыс дыбысталуын, әріп таңбасын қайталату, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Суреттегі заттардың дыбыстарын айту.Үзік сызықтарды қосуға үйрету. **Сауат ашу негіздері** Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет | **«Қуыршаққа арналған көйлек»** **Мақсаты:** Қуыршақтың киімдерінің түстері туралы түсінік беру. Қызыл, сары, көк, жасыл түстері туралы білімдерін кеңейту. Заттарды түстеріне қарай келтіруді үйрету. Жұмысты ұқыпты орындауға, түрлі-түсті қағазбен, желіммен жұмыс жасай білуге үйрету. **Жапсыру** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша** | **Сауат ашу негіздері** «[ю]дыбысы және Юю әрпі» | **Сауат ашу негіздері** «[ю] дыбысы және Юю әріпін қайталау. | **Математика негіздері** «Ғарыш әлемі» **Мақсат-міндеттер:** | **Сауат ашу негіздері** «[ё]дыбысы және Ёё әрпі» | **Көркем әдебиет** «Домбыра туралы аңыз» (қайталау) |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Мақсат-міндеттер:**<br>[ю]дыбысын және Юәрпімен таныстыру. Артикуляция бойынша дыбысын дұрыс айтуға үйрету.<br>Сөзге дыбыстық талдау жасату, сөздерді буынға бөлгізу, ол арқылы берілген сөздерді оқуға үйрету.<br>**Қазақ тілі**<br>«Домбыра туралы аңыз»<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>балаларды қазақ тілінде домбыра туралы аңызды мұқият тыңдауға үйрету; шығарманың мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру негізінде мәтінді түсіну қабілетін дамыту.<br>**Дене шынықтыру**<br>«Жіп арқылы доп лақтыру»<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>балаларды жіп арқылы бір-біріне бастан асырып доп лақтыруға үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>«Шоқжұлдыздар»<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>балаларға | **Мақсат –міндеттер:**<br>[ю]дыбысын және Юәрпін қайталау. Артикуляция бойынша дұрыс айтуға үйрету. Сөзге дыбыстық талдау жасау, сөздерді буынға бөлу, берілген сөздерді оқуға үйрету.<br>**Математика негіздері**<br>«Зымыранды ғарышқа ұшыру амалдарын игерейік»<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>балаларды алыс және жақын орналасқан объектілердің шынайы сипатын тануға, шамасын салыстыруға үйрету.<br>**Музыка**<br>«Қанатымен самғашы»<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>балаларды домбыраның дауысын қабылдай отырып, домбырамен орындалатын музыканың сипатын ұғыну және әуезін ажырата білу қабілеттерін жетілдіру.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Күн мен Ай» | Балаларды ғарыш әлемі жайлы түсініктерін қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлай отырып, «алыс», «жақын» ұғымдарын қалыптастыру; сөздерді түсініп, оған қарама – қарсы мағыналы сөздер табуға жаттықтыру.<br><br>**Қазақ тілі**<br>«Ғарышкер қалай атанам. Біздің ғарыштың планеталары»<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>Балалардың «ғарыш айлағы», «ғарышкер», «ғарыш» сөздерімен таныстыру; ым-ишара, ғарышкерлердің іс-қимыл кешенін орындау арқылы ойын білдіру қабілетін дамыту.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>«Бір-біріне асырып доп лақтыру»<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>Балаларды гимнастикалық орындық үстімен арақашықтығы баладан екі қадам қашықтықта қойылғанг әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырып әңгімелеуін дамыту. толтырылған доптардан аттап жүруге үйрету. | **Мақсат-міндеттер:**<br>Балаларды Ёёдыбысы және әрпімен таныстыру.<br>Ұсынылған әрбір сөзге дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.<br>**Математика негіздері**<br>«Ғарыш әлемі» (пысықтау)<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>Балаларды ғарыш әлемі жайлы түсініктерін қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлай отырып, «алыс», «жақын» ұғымдарын қалыптастыру; сөздерді түсініп, оған қарама – қарсы мағыналы сөздер табуға жаттықтыру.<br><br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Күн мен Ай» ертегісі (қайталау)<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>балаларға «Күн мен Ай» ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша | **Мақсат- міндеттер:**<br>аңыз туралы түсінік беру. Аңызды оқып, мағынасын ашу, түсіндіру. Сөздік қорларын молайту. Қазақтың ұлттық аспабы жайлы мағлұмат беру. Домбыраны қастерлеуге үйрету.<br><br>**Дене шынықтыру**<br>Допты бір-бірінен асырып лақтыру жаттығуын пысықтау»<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>балаларды арақашықтығы 40см құрсаудан келесі құрсауға бір аяқпен секіруге үйрету.<br><br>**Мүсіндеу**<br>«Қобыз-көне аспап»<br>**Мақсат-міндеттер:**<br>Балаларды сазбалшықтың кесегін созу, ойық жасау арқылы қобызды, сазбалшықтан кішкентай кесек үзіп алып, есу арқылы қобыздың ысқышын мүсіндеуге үйрету. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | астрономияны ғылыми туралы түсініктер беру, ғарыш ғылымы ретінде таныстыру; ғарыш, ғарышкерлер, планеталар, жұлдыздар, күн жүйесі деген ұғымдарды балаларға түсіндіру. | ертегісі **Мақсат-міндеттер:**балаларға «Күн мен Ай» ертегісін оқып беру; сұрақ жауапқа монологтік және диалогтік байланыстырып сөйлеуді қосып, мазмұнды сурет бойынша әңгімелеуді, схемаға сүйене отыра, заттарды салыстырып әңгімелеуін дамыту. | **Көркем әдебиет** «Домбыра туралы аңыз» **Мақсат– міндеттер:** аңыз туралы түсінік беру. Аңызды оқып, мағынасын ашу, түсіндіру. Сөздік қорларын молайту. Қазақтың ұлттық аспабы жайлы мағлұмат беру. Домбыраны қастерлеуге үйрету. | әңгімелеуді, схемаға сүйенен отыра, заттарды салыстырып әңгімелеуін дамыту. **Музыка** «Айға ұшамын» Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету. **Қоршаған ортамен таныстыру** «Ғарыш әлемі» Мақсат-міндеттер: балалардың ғарыш әлемі туралы ұғымдарын кеңейту; ғарыш кемесінің құрылысын сызба арқылы, өзге балалармен бірлесіп жобада іске асыруға үйрету. | **Құрастыру** Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. |
| **Серуенге дайындық** | Балалалардың серуенге деген қызығушылықтарын туғызу, балалармен жеке әңгімелесу. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Серуенде балаларды жақсы әрекеттер етуге ынталандыру. | Серуенге ойын құралдарын дайындау. | Балалармен еркін ойнау. |
| **Серуен** | **Ағаштарға бақылау жасау.** **Мақсаты:**балалармен | **Ауладағы Талға бақылау жасау.** **Мақсаты:**Балаларды | **Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау.** | **Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау.** | Бақбақтың өсуін бақылау. **Мақсаты:**Бақбақты |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірге ауладағы ағашты қарау, ағаштың бүрлерінің астынан кішкентай жапырақ өсіп келе жатқанын бақылау. Ағаштарды бүрлері мен бұтақтарына қарап айыра білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Ағаштан ағашқа»<br>Алға жылжу арқылы қос аяқтап секіре білуді бекіту.(кімде-кім аз секірсесол, жеңімпаз) ойын барысында ойынды әділ бағалауға үйрету.<br>**Еңбек:**<br>**«Бұтақты кесуден кейінгі қалдықты жинау»**<br>Еңбек нәтижесін көру, кесілген бұтақтарды балалармен бірге жинау.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Біздің үй қайсы тап?»**<br>Сипаттау бойынша ағашты таба білуге үйрету.<br>Өзіндік іс-әрекет<br>Ойын барысында жұбымен бірге бірлесіп, ойын нәтижесін бөлісе білуге үйрету. | назарын аққайыңға ..удару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Ол қыс бойы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызығушылы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Орман дақтары»**Балалардың өз бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын, ойынға деген қызығушылықты арттыру.<br>**Еңбек іс-әрекеті**<br>Ағаштың жан-жағын доңгелетіп қопсыту.Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету.<br>**Дидактикалық** | **Мақсаты:**Ағаштар түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру. Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын:**<br>**«Секіргіш бақалар»**<br>Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру. (Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап, жерге айналдыра доңгелетеді, ал шеңберде тұрған балалар секіру керек). Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту.<br>**Еңбек іс-әрекеті**<br>Ағаш түбін әктеу.<br>Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап, жоғарыдан төменге қимылдар жасау. Берілген тапсырманы мұқият тыңдап, істі аяғына дейін жеткізу. Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Орманшы»**<br>Бірнеше ағаштың түр – тұлғасын, бөліктерін;діңі, жапырағы, жемісі мен дәні | **Мақсаты:**Балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Күн қыза бастады, қар еріді, топырақ жылынды, көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету.Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап, күте білуге үйрету.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Көк шөптегі хоккей»<br>Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу, бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету.<br>**Еңбек іс-әрекеті**<br>Ауладағы қураған шөпті жинау. Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау. Зембілмен | ң құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту.Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Гүлдер»<br>Гүлдердің атауын пысықтау (ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады).Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу.(бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады.<br>**Еңбек іс-әрекеті**<br>Гүлзардағы гүлдерді бағып, күту.<br>Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту.(таңертең немесе кешке суару, |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | ойын: Тапсырма. Шырын бөліп тұрған ағашты тауып, бақылау. | болатынын еске сақтау. Өз білгендерін сөзбен жеткізу. | оны апару)Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып, ұжымдық еібекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу. **Дидактикалық ойындар:**Тапсырма Аулада қыстан кейінгі шыққан шөп орнын тауып алу.Балаларды табиғатта болып жатқан өзгерістерді көре білуге үйрету. | күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу. **Дидактикалық ойын: «Тұқымның саяхаты»** Өсімдіктің өсуіне қажетті шарттарды бекіту.(топырақ, тұқым-су, жапырақтар, сабағы, гүлдің тұқымы пісіп жетілуде тұқымды жел ұшырады). |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта екі-екіден жүру. | Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.Кім салқын сумен жуынса – батыр бала ол бала.Ал егерде ол жуынбаса – ештене деп аталмайды ол бала. | **«Жайлауда»** Мақсаты: Жайлау туралы түсінік беру. Жайлау жазда мал жайлайтын орын екенін айтып, түсініктерін кеңейту. Үлкен және кішкентай домалақ заттарды жасауды дамыту. Қатырма қағазға бедерлеу тәсілін орындау. | **«Бала – біздің болашақ»** **(Өлеңді жаттау)** Мақсаты: Өлең арқылы туған елге, жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру,Отанды, елді қорғауға тәрбиелеу. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. | Алдына қойған асқа назар аудару; Дастархан басында мәдениетті отыру. Тағамды асықпай жеу керек. | Ас ішер алдында бет-қолыңды жуу керек.Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. | **Бата беру** Дастарханымыз майлы, Көңіліміз жайлы болсын. Өміріне не тілесең, Тілегің қабыл болсын! | Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту;дененің тазалығын бақылау;беті-қолын жуу, тағамды асықпай жеу керек. Тамақтанңған кейін ауызды шаю, қолды жуу, қол орамалды пайдалану. |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | Балаларға әр түрлі қимылды жаттығулар жасату, шынықтыру жұмыстарын жүргізу.<br>Ойын-жаттығу.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың. | | | | |
| **Бесін ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>**Мақсат-міндеттер:** балалардың киіну, аяқ киімдерін дұрыс кие білу, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту.<br>Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында бір- біріне кедергі жасамай мәдениетті отыруға баулу, балалардың назарын тағамға аудару.<br>Тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру.<br>**Көркем сөз**<br>Нан қоқымын шашпаңдар,<br>Жерде жатса баспаңдар.<br>Теріп алып қастерлеп,<br>Торғайларға тастаңдар. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті** | **«Сол жақта – оң жақта»**<br>Мақсаты: Қағаз парағының оң жағын | **Танымдық-қимылды ойын:** «Аңдар жүрісі»<br>**Мақсаты:**Балалар | **Суреттік боямалар «Кім,қайда өмір сүреді»**<br>Мақсаты: Балалар суретті таза бояп, туған жеріндегі | **«Жеті лақ пен қасқыр» ертегісі**<br>Мақсаты:Балаларға үстел үстінде ертегі | **Сюжетті-рөлдік ойын:** «Қуыршақты тамақтандыр» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта), жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру. **Математика негіздері** | а...ардың жүрісін салып, санай алады. **Қоршаған ортамен таныстыру** Қарым- қатынас іс – әрекеті,танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті | жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады. **Сурет салу** Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті | кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру. **Қарым-қатынас** іс-әрекеті | **Мақсаты:**Балаларға өздері қалаған қуыршақпен ойнауға, тамақтауға мүмкіндік беру. Ойынға қызығушылықтарын арттыру. **Қарым-қатынасіс-әрекеті** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Мақал-мәтел.** Отан елдің анасы, Ел ердің анасы. **«Қуыршақпен танысайық»** Дидактикалық ойын **Мақсаты:** балаларды дене бөліктерін көрсетіп атай білуге үйрету **Жеке баламен жұмыс.** Ертегі оқу. Суретпен жұмыс | Тақырыбы: «Мұзға бақылау» Мақсаты: Қысқы табиғат құбылысы ерекшеліктеріне бақылау жасау,жылы жерге әкеліп еріту,ойын арқылы бақылау жасау. **«Түстес сақинаны тап» дидактикалық ойын:** **Мақсаты:** қызыл, сары, жасыл, көкке боялған біртекті заттарды табуға үйретуді жалғастыру. **Жеке баламен жұмыс.** Суретке қарап отырып әңгіме құрастыру. | **Жаңылтпаш жаттау.** Доп теп, доптеп. **«Түстес ыдысқа сал» дидактикалық ойын:** **Мақсаты:** түрлі-түсті тастарды теріп алып, түстес ыдысқа салу арқылы саусақ қимылын жетілдіру, бір-бірімен байланысты тура және кері әрекеттерді орындауға үйрету. **Жеке баламен жұмыс.** Сиқырлы қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау. | **Мақал- мәтел.** Отан отбасынан басталады. **«Мені қайтала»** дидактикалық ойын **Мақсаты:** ересектердің сөзін қайталай отырып, сөздік қорын молайту, тілін жаттықтыру. **Жеке баламен жұмыс.** Қылқаламмен жұмыс. Қылқаламды ұстап суретті бояуға үйрету | **Мақал- мәтел.** Күш- білімде, білім-кітапта. **Моншақты тіземіз» дидактикалық ойын.** **Мақсаты:** Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту. **Жеке баламен жұмыс.**Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың киіну реттілігін бақылау. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. | Серуенге қызығушылығын туғызу. | Балалармен жеке әңгімелесу. | Сыртқы киімдерін ауыстырып киюді қадағалау. |

Scanned with CamScanner

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Еркін ойын.<br>Үйге қайту. | 6. Ұрының тазалығы туралы әңгімелесу. | | қалдырмауын айтып жіберу. | |

**Тексерілді:**
**МКҚК директоры:**
**Г.С.Узакбаева**
**«____» «_____» 2023жыл**

Scanned with CamScanner